



№48 (19800) 19 маусым, 2026 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ

АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ


■ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ



## Антаның айтулы оқиғалары

# АБАЙ ОБЛЫСЫНДА АУҚЫМДЫ ЖОБАЛАР МЕН КӘСІПКЕРЛІККЕ ҚОЛДАУ КҮШЕЙЕДІ

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин жұмыс сапары барысында Абай облысындағы инвестициялық жобалардың жүзеге асырылу барысымен танысып, ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік салаларын дамыту мәселелерін талқылады.



### 1 Жаңасемей ауданында салынып жатқан ет комбинатының құрылысымен танысты



### 2 Кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған мобильді фронт-офис таныстырылды



### 3 Ауыл шаруашылығы саласының өзекті мәселелеріне арналған кеңес өтті



### 4 Үкімет басшысының орынбасары Семей қаласындағы кәсіпорындарды аралады



Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин облысымызға жұмыс сапарымен келді. Сапар аясында Үкімет басшысының орынбасары өңірдегі бірқатар өндірістік және агроөнеркәсіптік нысандардың жұмысымен танысып, кәсіпкерлермен және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен кездесті.

Ай-Керкем МАҚЫШ,  
«Semei tanu»

Үкімет басшысының орынбасары Серік Жұманғарин алдымен облыс әкімі Берік Уәлимен бірге Жаңасемей ауданының Достық ауылдық округіне барып, «Eurasia Agro Semei» ЖШС базасында салынып жатқан ет өңдеу кешенінің құрылысымен танысты. Құны 7,7 млрд теңгені құрайтын ет комбинаты биыл қыркүйекте іске қосылады деп жоспарланған.

Кәсіпорын етті қайта өңдеу, консервілеу және азық-түлік өнімдерін өндіруге маманданбақ. Жоба іске қосылғаннан кейін бір ауысымда 100 бас ірі қара мен 1000 бас ұсақ мал союға мүмкіндік туады. Сондай-ақ кәсіпорында тәулігіне 3 тонна шұжық және 5 тонна консерві өнімдері өндірілімек. Жалпы өндірістік қуаты жылына 11 400 тонна дайын өнімді құрайды.

Қазіргі уақытта құрылыс жұмыстарының 75 пайызы аяқталған. Құрылыс алаңында 130 жұмысшы еңбек етіп, 20-дан астам техника жұмыс істеуде. Жоба толық іске қосылғаннан кейін 250 жаңа жұмыс орны ашылады.

Ет өңдеу кешенінің директоры Қанат Қалиевтың айтуынша, осы аптада өндірістік жабдықтар орнатыла бастайды. Кәсіпорынның болашақтағы тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін өңірдегі бірқатар мал бордақылау алаңдарының иелерімен келісім-шарттар жасалған.

Серік Жұманғарин мұндай өндіріс орындарының ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуді дамытуда маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Премьер-министрдің орынбасары Серік Жұманғарин өкімізге сапары барысында сондай-ақ Семей қаласындағы Арбат алаңында Мемлекет басшысының шағын және орта бизнесті қолдау аясын кеңейту жөніндегі тапсырмасына сәйкес Ұлттық экономика министрлігінің қолдауымен іске қосылған «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының мобильді фронт-офисінің жұмысымен де танысты.

Шалғай ауылдар мен қалалардағы кәсіпкерлерге «бір терезе» қағидаты бойынша қызмет көрсететін 13 орындық Toyota Hiace автобусы негізінде

жасақталған бұл көшпелі кеңсе қыс мезгілінде қызметкерлердің тиімді жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін қосымша жабдықтармен, оның ішінде автономды ауа жылытқыштарымен қамтамасыз етілген.

Көшпелі топ құрамындағы «Даму» қорының мамандары, әкімдік, банктер, «Атамекен» ҰКП, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ, «ҚазАгроКаржы» АҚ және консалтингтік компания өкілдері кәсіпкерлерге «Бәйтерек» холдингінің бизнесті қолдауға арналған барлық мемлекеттік бағдарламалары бойынша толық ақпарат беріп, сол жерде өтінімдерді тікелей қабылдайды. Мобильді фронт-офисте кәсіпкерлер субсидия, кепілдік, жеңіл несие, микроқаржы, лизинг, экспорттық жобаларды қолдау құралдары, сондай-ақ оқыту, кеңес беру және жобаларды сүйемелдеу сияқты қаржылай емес қолдау шаралары бойынша толық ақпарат алады.

«Даму» қоры басқарма төрағасы Фархат Сәрсекеевтің баяндауынша, бизнесті қолдайтын бірыңғай және мобильді фронт-офистер форматы іске қосылғаннан бері республика бойынша 12 мыңға жуық өтінім түскен, оның ішінде Абай облысынан 553 өтінім тіркелген. Қазіргі таңда еліміздің 12 өңірінде жұмыс істеп жатқан бұл жобаның маңыздылығына тоқталған вице-премьер мемлекеттік қолдау шаралары әрбір кәсіпкерге географиялық орналасуына қарамастан қолжетімді болуы тиіс екенін атап өтті.

Осы алаңда Серік Жұманғарин өңірдегі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің, атап айтқанда «Арай East Food», «Kondiz distribution», «Ай-Ар», «Шығыс Қазақстан ұн - құрама жем комбинаты», «Шығыс бройлер», «АДАЛ-АС TRADE» секілді ірі серіктестіктер мен «Сайлаубаев», «Қалиқанұлы», «Матковский», «Тамерлан» тәрізді шаруа қожалықтары өнімдерінің көрмесін аралап, агроөнеркәсіптік кешеннің даму бағыттарымен танысты.

Осыдан соң Премьер-министрдің орынбасары Семей қаласында Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер, бизнес өкілдері, салалық министрліктер мен қаржы институттары өкілдерінің қатысуымен өткен кеңеске қатысты. Жиында ауыл шаруашы-

лығы саласының өзекті мәселелері қаралды.

Кеңесте сөз сөйлеген облыс әкімі Берік Уәли өңірдің агроөнеркәсіп кешені саласында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Облыс басшысының айтуынша, 2025 жылдың қорытындысы бойынша, ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі алғаш рет 583,8 млрд теңгеге жетіп, соңғы екі жылда 1,4 есеге өскен. Сондай-ақ өңірде қой шаруашылығын дамытудың 2026-2030 жылдарға арналған бағдарламасы аясында 300 мың бас асыл тұқымды аналық мал сатып алу және Жаңасемей, Үржар, Ақсуат аудандарында 18 мың басқа арналған 3 ірі бордақылау алаңын салу көзделуде. Бұған қоса, облыста 2026-2028 жылдарға жоспарланған, жалпы құны 112,5 млрд теңгені құрайтын 19 инвестициялық жобадан тұратын жол картасы бекітілген, бұл өз кезегінде 849 жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

Жиында ауыл шаруашылығы вице-министрі Аманғали Бердалиев баяндама жасап, агроөнеркәсіп кешенін дамыту жөніндегі мемлекеттік қолдау шараларына тоқталды. Вице-министрдің айтуынша, өңірдегі егіс алқабы 7,2 мың гектарға ұлғайып, 789,3 мың гектарға жеткен, майлы және мал азықтық дақылдар үлесін арттыру арқылы әртарапандыру жұмыстары жүйелі жүріп жатыр. Жыл басынан бері облыстың 176 фермері 13,2 млрд теңге көлемінде жеңілдетілген несие алған. 2026-2027 жылдар аралығында 7 аудандық ветеринариялық станция, 111 пункт және 118 мал қорымын тұрғызуға бюджеттен 6,4 млрд теңге бөлінген.

Кеңес барысында агроөнеркәсіп кешенін дамыту, ет өнімдерінің экспорттық әлеуетін арттыру, жеңілдетілген несиелеу, инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланды. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер өздерін толғандырған сауалдарын қойып, ұсыныстарын жеткізді.

Жалпы, бүгінгі кездесу барысында өңірдің агроөнеркәсіптік кешеніндегі бірқатар маңызды мәселелер көтерілді. Мемлекет басшысының, Үкімет тарапынан ауыл шаруашылығы саласына көп қолдау көрсетіліп жатыр. Облыстың агро өнеркәсіп кешенінің дамуына келсек, нақты жоспарларымыз

айқындалды. Жобалар іске асырылып жатыр. 90 жобадан тұратын өңірлік пул қалыптастырылды. Бұл сала біз үшін аса маңызды. Сондықтан осы саланы дамыту бағытындағы бірлескен жұмыстарымызды жалғастыра береміз, – деді Берік Уәли.

Кеңесті қорытындылаған Серік Жұманғарин Абай облысының ауыл шаруашылығы әлеуетінің зор екенін айтып, өңірде қолға алынып жатқан бастамаларға оң бағасын берді. Биыл күзде іске қосылатын ет комбинаты сияқты жобалар арқылы Абай облысы мал шаруашылығы саласында өзге өңірлерге үлгі бола алатынын атап өтіп, атқарылатын жұмыстарға Үкімет тарапынан тиісті қолдау көрсетілетінін жеткізді.

Жұмыс сапарының соңында Үкімет басшысының орынбасары Семей қаласындағы бірқатар ірі өндірістік кәсіпорындардың қызметімен танысты. Үкімет басшысының орынбасары еліміздегі толық циклді май экстракциялайтын жетекші кәсіпорындардың бірі – «Qazaq-Astyq Group» ЖШС-да болды.

Кәсіпорын рафинадталмаған құнбағыс майын, ұн, шрот, фосфатидті концентрат пен құнбағыс дәнінің түйіршіктелген қабығын өндіреді. Өндіріс ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу арқылы қосылған құны жоғары өнім шығаруға бағытталған.

Серік Жұманғарин бұдан соң бұршақ және майлы дақылдарды қайта өңдеумен айналысатын «Агролидер KAZ» ЖШС-нің жұмысымен танысты. Тәулігіне 160 тоннаға дейін дайын өнім шығаратын кәсіпорын жылына 72 мың тонна шикізатты өңдеуге қауқарлы.

Үкімет басшысының орынбасары қаптама өнімдерін шығаратын «Казполиграф» ЖШС өндірістік алаңын да көрді. Кәсіпорын қағаз, картон, полимерлі үлдір және гофроқаптама өнімдерін толық өндірістік цикл бойынша өндіреді. Жыл сайын зауытта шамамен 30 мың тонна қағаз-картон қаптамасы, 2 мың тонна қапталған қағаз және 1,5 мың тонна полимерлі қаптама шығарылады.

Кәсіпорын басшыларымен кездесу барысында өндірісті жаңғырту, инвестиция тарту, өнім экспортын кеңейту және өңдеу өнеркәсібін одан әрі дамыту перспективалары талқыланды.

Үкімет басшысының орынбасары өңдеу секторын дамыту экономиканы әртарапандырудың, өңірлердің өнеркәсіптік әлеуетін арттырудың және жаңа жұмыс орындарын құрудың маңызды бағыты екенін атап өтті.

2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

ПОДПИСКА НА ГАЗЕТЫ

SEMEI  
tanu

ВЕСТИ  
СЕМЕЙ

ЖАҢАҒАН  
ЖАҢАСЕМЕЙ

ЖАНА  
СЕМЕЙ  
СЕГОДНЯ

БІЗДІҢ  
БЕСҚАРАҒАЙ  
НАШ  
БЕСҚАРАҒАЙ

ЖАНА  
УАҚЫТ  
НОВОЕ  
ВРЕМЯ

fiofi&



## БІЛІМ

# ҮЗДІКТЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

**Ақ тілектер, ұстаз бен ата-ананың қуанышы, түлектердің толқынысқа толы жанары... Сәрсенбі күні Семейдегі Бейбітшілік аралы ерекше әсерге бөленді. Өмірдің жаңа белесіне қадам басқан жас түлектерге құрмет көрсетіліп, үздіктерге «Алтын белгі» төсбелгісі табысталды.**

**Облыс әкімінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, салтанатты шараға аймақ басшысы Берік Уәли, Қазақстанның Еңбек Ері, ұлағатты ұстаз Алма Шүкіжанова, ұстаздар қауымы мен ата-аналар қатысты.**

Ай-Көркем МАҚЫШ,  
«Semei tauy»

Мерекелік жиын барысында 2025-2026 оқу жылын үздік аяқтаған Семей қаласының 160 түлегіне «Алтын белгі» төсбелгісі табысталды. Сонымен қатар облыстың білім саласының дамуына сүбелі үлес қосқан бірқатар педагог мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Жиында сөз сөйлеген облыс әкімі Берік Уәли түлектерді құттықтап, олардың жетістігі тек өздерінің ғана емес, сапалы білім мен саналы тәрбие берген ұстаздары мен әрдайым қолдау көрсеткен ата-аналарының да ортақ жеңісі екенін атап өтті.

– Бүгін біз тек үздік түлектерді ғана емес, туған өлкеміздің көз қуанышы мен мақтанышын ұлықтау үшін жиналып отырмыз. Он бір жыл бойы талмай ізденіп, білім жолында аяңбай еңбек етіп, шәкірттік кезеңнің ең биік белесі – «Алтын белгі» төсбелгісін иеленген шәкірттерді шын жүректен құттықтаймын! Бұл марапат – тек сіздердің ғана емес, сапалы білім мен саналы тәрбие берген ұстаздарыңыздың және әрдайым қолдау көрсеткен ата-аналарыңыздың ортақ жеңісі мен ортақ мерейі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Жастар «Елді сүю дегеніміз – халыққа пайдасы тиетін жаналық ашу, жаңа іс бастау» деп түсінеді. Олар Қазақстанды дамыған, көркейген мемлекет ретінде көргісі келеді. Заманауи технологияларды меңгеріп, халқымызды озық ойлы ұлттардың қатарына қосуға талпынады», – деп жастарға үлкен сенім мен биік үміт артып отыр. Сіздер осы үміттің үлде-сінен шығады деп сенеміз. Қанаттарыңыз талмасын, армандарыңыз асқақ болсын! «Алтын белгілеріңіз» құтты болып, жолдарыңыз әрдайым ашық, болашақтарыңыз жарқын болсын!» – деді аймақ басшысы.

Биыл Абай облысында 6065 түлек мектеп бітірді. Оның ішінде 432 оқушы «Алтын белгі» иегері атанып отыр. Бұл – өткен оқу жылымен салыстырғанда жоғары көрсеткіш. Өткен жылы өңірде 362 оқушы ғана «Алтын белгі» иеленген болатын. Ал түлектердің сапалы білім алып, үлкен өмірге қадам басуына облыстағы 12 мыңнан астам педагог өз үлесін қосты.

Жалпы, 2025-2026 оқу жылында Семей қаласындағы 53 мемлекеттік, 8 жекеменшік және 2 мамандандырылған мектепті 51 мыңнан астам оқушы аяқтады. Биыл 11-сыныпты тамамдаған түлектердің 160-ы «Алтын белгі» иегері атанса, 231 оқушы үздік аттестатқа қол жеткізді.

Өңірде дарынды жастарды қолдау бағытындағы жұмыстар да жүйелі жалғасып келеді. Биыл жоғары оқу орындарына түсу үшін облыстық бюджеттен қаржы қарастырылып, 200 түлекке облыс әкімінің гранты бөлінді.

## ЖОҒАРЫ БІЛІМ

# АДАМ МЕН AI СЕРІКТЕСТІГІ

**Цифрлық технологиялар дәуірінде ғылымды дамыту тек зерттеу жүргізумен ғана шектелмейді. Заманауи университеттер үшін ғылыми деректерді тиімді талдау, болашақтағы зерттеу бағыттарын болжау және ғылыми әлеуетті стратегиялық тұрғыдан басқару маңызды міндеттердің біріне айналды. Осы бағытта елімізде жүзеге асырылып жатқан AI-Sana ұлттық бағдарламасы аясында Шәкәрім университетінде білім беру және кампусты басқару саласындағы әртүрлі мәселелерді шешуге арналған 11 мамандандырылған AI агенттері бар.**



Бағдарлама шеңберінде құрылған агенттердің бірі – Shakarim AI Research Intelligence интеллектуалды жүйесі. Бұл – университеттің ғылыми қызметін жаңа деңгейге көтеруге бағытталған, ғылыми деректерді кешенді талдайтын және ғылыми шешімдер қабылдауға қолдау көрсететін заманауи сараптамалық платформа. Жүйенің басты ерекшелігі – ғылыми ақпаратты жинақтап қана қоймай, оны терең талдап, болашақтағы мүмкіндіктер мен даму бағыттарын анықтай алуында. Shakarim AI Research Intelligence университеттің ғылыми еңбектері, диссертациялық зерттеулері және ғылыми жобалары жинақталған бірыңғай цифрлық деректер қорын пайдалана отырып жұмыс істейді. Сонымен қатар жүйе халықаралық ғылыми кеңістіктегі үрдістерді бақылап, ашық ғылыми платформалардағы, кәсіби қауымдастықтардағы және салалық ресурстардағы мәліметтерді саралайды.

Осындай ауқымды талдау нәтижесінде жүйе ғылымның қай бағыттарының қарқынды дамып жатқанын, қандай ғылыми мектептердің қалыптасып келе жатқанын, қандай қауымдастықтардың өзектілігі артып отырғанын анықтайды. Бұл университеттің ғылыми әлеуетін бағалауға ғана емес, жаңа зерттеу мүмкіндіктерін дер кезінде көруге де мүмкіндік береді.

Shakarim AI Research Intelligence ғылыми бағыттардың эволюциясын бақылап, пәнаралық зерттеулердің даму әлеуетін бағалайды. Нәтижесінде университет алдында тұрған ғылыми міндеттер мен келешектегі зерттеу басымдықтары нақты деректер негізінде қалыптасады.

Жүйе дайындайтын аналитикалық шолулар, трендтік карталар және ұсынымдар университет басшылығына, ғылыми құрылымдарға және ғылыми кеңестерге стратегиялық шешімдер қабылдау кезінде маңызды құрал ретінде қызмет етеді.

Маңыздысы, Shakarim AI Research Intelligence адам факторын алмастыруды мақсат етпейді. Яғни жүйе түпкілікті шешім қабылдамайды, керісінше, ғылыми және басқарушылық шешімдердің сапасын арттыру үшін қажетті деректер мен талдау нәтижелерін ұсынады.

AI-Sana ұлттық бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан бұл астам университеттердің ғылыми әлеуетін жаңа деңгейге көтеріп қана қоймай, ғылымды басқарудың интеллектуалды мәдениетін қалыптастыруға жол ашады.

**Шәкәрім университетінің баспасөз қызметі**

# АПТА АЙНАСЫ



## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

**Қазақ халқы қай заманда да жетімін жылатпай, жесірін қаңғыртпай, қамқорлық пен жанашырлықты өмір салтына айналдырған. «Жетім көрсен, жебей жүр» деген аталы сөз ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, бүгінгі күні де өз мәнін жоғалтқан жоқ. Адамға жақсылық жасау, мұқтаж жанға қол ұшын созу – халқымыздың асыл қасиеттерінің бірі.**

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ МЕРЕЙЛІ МИССИЯСЫ

Осы ізгі дәстүрдің жалғасы ретінде жүзеге асып келе жатқан «Мейірім» акциясы талай баланың жүрегіне жылу сыйлап, болашаққа деген сенімін нығайтып келеді. Бұл акцияның басты мақсаты – ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсетіп, олардың ертеңгі күніне үміт ұялату. «Мейірім» акциясы 2011 жылы Шығыс Қазақстан облысының әкімі болған марқұм Бердібек Сапарбаевтың бастамасымен қолға алынған болатын. Содан бері мемлекеттік органдар мен мекемелер балалар үйлерінің тәрбиеленушілеріне қамқорлық жасап, олардың өмірден өз орнын табуына ықпал етіп келеді.

Жуырда ғана Шығыс Қазақстан облысындағы әріптестеріміздің қолдауымен «Үміт» балалар үйінің тәрбиеленушісі Карина Чимпулатова баспаналы болды. Департамент қызметкерлерінің ортақ ықыласы мен жанашырлығының арқасында оған жаңадан салынған тұрғын үйден бір бөлмелі пәтердің кілті табысталды. Бұл – көптің тілегі мен жүрек жылуынан туған игі істің жарқын көрінісі.

Мұндай қуанышты сәттер бұған дейін де болған. 2018 жылы «Үміт» балалар үйінің тәрбиеленушісі Диана Биғалиева кәмелет жасына толуына орай департамент қызметкерлерінің жинақтаған қаражаты есебінен жеке пәтерге ие болды. Баспанасы қажетті жиһаздармен және тұрмыстық заттармен толық қамтамасыз етілді. Бүгінде Диана өмірден өз орнын тапқан, қоғамға бейімделіп, еңбегімен ел қатарына қосылған.

Каринаны да Департамент ұжымы бірнеше жыл бұрын қамқорлығына алып, қызметкерлердің бір күндік еңбекақысынан жиналған қаражат арқылы болашақ баспанасына негіз қалаған болатын. Осы игі іске қазіргі Абай облысы бойынша Мемлекеттік қазынашылық департаментінің қызметкерлері де өз үлестерін қосып, қуанышты күнде Каринаның жанынан табылды.

Жақсылықтың жалғасы бүгін де үзілген жоқ. 2022 жылы департамент Семей қаласының өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығының тәрбиеленушісі Дамир Бейсебаевты қамқорлығына алды. Бүгінде департамент, балаларды қолдау орталығы және «Отбасы банкі» арасында жасалған келісім негізінде қызметкерлердің бір күндік еңбекақысы Дамирдің тұрғын үй жинақ шотына аударылып келеді.



«Мейірім» акциясының ерекшелігі оның тек материалдық көмекпен шектелмеуінде. Ең бастысы, балалар өздерінің қоғам назарынан тыс қалмағанын сезінеді. Өзіне сенім артып, қолдау білдіретін жандардың бар екенін білу әр балаға үлкен қуаныш сыйлап, күш береді.

Жақсылық жасау үшін кейде үлкен мүмкіндік емес, кең жүрек пен шынайы ниет кілкікті. Осындай игі іске атсалысып жүрген әріптестеріміздің жанашырлығы мен азаматтық жауапкершілігі құрметке лайық.

Балалар күлкісі – қоғамның бақыты. Сондықтан олардың жарқын болашағы үшін жасалған әрбір игі қадамның мәні зор. «Мейірім» акциясы алдағы уақытта да талай баланың өміріне шуақ сыйлап, ізгіліктің үлгісі болып қала беретіні сөзсіз.

**Мұқтар ТӨЛЕГЕНҰЛЫ,**  
**Абай облысы бойынша Мемлекеттік қазынашылық департаментінің басшысы**

## ҚАРУЛЫ КҮШТЕР

**Абай облысында әскери міндеттілерді кезекті әскери жиынға шақыру науқаны басталды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында Абай облысының қорғаныс істері жөніндегі департаментінің жұмылдыру ресурстарын тағайындау бөлімінің бастығы подполковник Сымбат Имашев мәлімдеді.**

## ӘСКЕРИ ЖИЫНДАРҒА 800-ДЕН АСА АЗАМАТ ШАҚЫРЫЛАДЫ

Сымбат Имашевтың айтуынша, әскери жиындардың негізгі мақсаты – бейбіт уақытта қысқартылған құрамда ұсталатын әскери бөлімдердің жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігін арттыру, сондай-ақ әскери дайындықтан өткен резервті қалыптастыру.

Биыл облыстан әскери жиындарға 825 азамат шақырылады деп жоспарланған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда айтарлықтай көп. Жиындар 2026 жылдың жазында Аягөз қаласындағы «Майлин» оқу-жаттығу полигонында өтеді және 30 күнге созылады.

Әскери жиындар әскери міндетті азаматтардың бұрын алған білімдері мен дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Дайын әскери резерв – ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды құрамдас бөлігі, – деді Сымбат Имашев. Баспасөз мәслихаты барысында сондай-ақ Абай гарнизоны әскери бөлімі командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары – бөлім бастығы майор Талғат Мақсұтов Жарма ауданында ұйымдастырылған 10 күндік оқу-жаттығу жиыны туралы айтты.

– Он күндік жиынның басты мақсаты – азаматтардың әскери машықтарын жетілдіру, олардың төтенше жағдайлар мен жұмылдыру кезеңіндегі іс-қимылдарға дайындығын арттыру, – деді Талғат Мақсұтов.

Жиынға шақырылған азаматтар мотоат-



қыштар, танк, артиллериялық және қамтамасыз ету бөлімшелерінде даярлықтан өтеді. Олар әскери қызметшілермен тең дәрежеде киім-кешекпен, тамақпен және медициналық қызметпен қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар әскери жиын кезінде азаматтардың жұмыс орны мен атқаратын қызметі сақталады. Оларға орташа жалақы төленсе,

жұмыссыз азаматтарға мемлекет есебінен ең төменгі жалақы қарастырылған.

Мамандардың айтуынша, әскери жиындар азаматтардың әскери даярлығын арттырып қана қоймай, елдің қорғаныс қабілетін нығайтуға да өз үлесін қосады.

**Өңірлік коммуникациялар қызметі**

## САЛЫҚ

# ЖАҢА КОДЕКС НОРМАЛАРЫ ТҮСІНДІРІЛДІ

**Белсенді туристік маусым қарсаңында Абай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті Алакөл көлінің жағалауында кәсіпкерлік қызметті жүргізуге қолайлы жағдай жасау бағытындағы жұмыстарын жалғастыруда.**



Жуырда Абай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Азамат Мұсабеков пен камералық мониторинг басқармасының басшысы Еркежан Бүркутова Мақанның ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының қызметкерлерімен бірлесіп кәсіпкерлік субъектілерімен көшпелі кездесу өткізді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексі күшіне енуіне байланысты бизнес өкілдеріне практикалық және консультациялық қолдау көрсету. Мемлекеттік

кірістер органдарының өкілдері кәсіпкерлерге салық заңнамасындағы негізгі өзгерістерді, салықтық әкімшілендіру ерекшеліктерін, арнайы салық режимдерін қолдану тәртібін, сондай-ақ бақылау-касса машиналары мен POS-терминалдарды пайдалану талаптарын жан-жақты түсіндірді. Сонымен қатар қатысушыларға салық міндеттемелерін орындау тәртібі, жалдамалы қызметкерлерді ресми тіркеу мәселелері, салық заңнамасын уақтылы әрі адал орындаудың артықшылықтары мен қасалық тәртіпті сақтау, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметті барынша ашық әрі тиімді жүргізуге мүмкіндік беретін тетіктер түсіндірілді.

Мемлекеттік кірістер органдарының өкілдері кәсіпкерлердің сұрақтарына жауап толыққанды қайтарып, практикалық ұсынымдар берді және жаңа Салық кодексінің нормаларын қолдану ерекшеліктерін түсіндірді.

Осындай ашық диалог кәсіпкерлерге қажетті ақпаратқа дер кезінде қол жеткізуге, қателіктердің алдын алуға, өз ісін сенімді дамытуға мүмкіндік береді және мемлекет пен бизнес арасындағы сенімді нығайтады.

Бүгінгі таңда Алакөл көлінің жағалауында 329 салық төлеуші қызметін жүзеге асыруда. Мұнда деректерді тіркеу және беру функциясы бар 347 бақылау-касса машинасы және 136 POS-терминал тіркелген.

Занды кәсіпкерліктің дамуындағы оң серпін - Абай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің салықтық әкімшілендіруді жетілдіру және бизнес субъектілерінің салық мәдениетін арттыру бағытындағы жүйелі жұмысының нәтижесі.

2025 жылы жүргізілген түсінді-

**Абай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті**



## АБАЙ

# ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСУ – АШЫҚ ДИАЛОГ АЛАҢЫ

**Аудан әкімі Мейіржан Смағұлов халықпен тұрақты түрде кездесіп, елді мекендердегі өзекті мәселелерді тұрғындармен бірге талқылауды дәстүрге айналдырған. Бұл жолы аудан басшысы Саржал, Құндызды, Орда, Архат ауылдық округтері мен Қарауыл ауылында болып, тұрғындармен ашық форматта кездесу өткізді. Жиында барысында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы, инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асырылуы және тұрғындарды толғандырған өзекті мәселелер кеңінен талқыланды.**

Ай-Көркем МАҚЫШ,  
«Semei tauy»

Алдымен аудан басшысы Саржал ауылдық округіне барды. Саржал ауылында қазіргі таңда ветеринариялық пункт пен өрт сөндіру пунктін құрылысы жүргізілуде. Сонымен қатар қос пәтерлі екі тұрғын үй мен спорт модулі бой көтеруде. Аудан әкімі аталған нысандардың құрылыс барысымен танысып, мердігер ұйым өкілдеріне жұмыс сапасы мен мерзіміне қатысты нақты тапсырмалар берді.

Тұрғындармен кездесу барысында ауылдық округ әкімі С.Қадировтың есепті баяндамасы тыңдалып, аудан көлемінде жүзеге асырылып жатқан жобалар туралы ақпарат берілді. Тұрғындар тарапынан айтылған ұсыныстар мен өтініштер назарға алынып, оларды шешу бағытында тиісті жұмыстар жүргізілетіні жеткізілді.

Құндызды ауылдық округіндегі кездесуде ауыл тазалығы, көшелерді жарықтандыру, ұчаскелік полиция қызметкерін көлікпен қамтамасыз ету және дәрі-дәрмек мәселелері көтерілді. Аудан әкімі барлық сұрақтарға заңнама аясында жауап беріп, тиісті мекемелерге нақты тапсырмалар жүктеді.

Аудан басшысы ауылдағы балабақша мен су құбыры құрылысының барысын бақылап, өнер мектебі мен өрт сөндіру пунктін жағдайымен танысты.

Келесі кездесу Орда ауылында өтті. Кездесу алдында аудан басшысы көше жарығын орнату жұмыстары мен өрт сөндіру пунктіне жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарын көрді. Жиында тұрғындар мал шаруашылығына қажетті құдық қазу, аудандық маңызы бар Архат – Қарауыл бағытындағы жолдың жай-күйі, тұрғын үй және жұмыс-



пен қамтуға қатысты мәселелерді көтерді. Көтерілген барлық сұрақтар бойынша түсіндірмелер беріліп, жауапты сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

Архат ауылдық округінде өткен кездесуде су құбыры желісі жүргізілген аумақтарды қалпына келтіру және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру мәселелері

кейін Мейіржан Серікбосынұлы аудан көлемінде жыл басынан бері атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар туралы баяндады.

Кездесу барысында тұрғындар жаңа балабақша салу, мал бағымын ұйымдастыру және өзге де әлеуметтік мәселелерді ортаға салды. Барлық сұрақтарға қолданыстағы заңнама аясында жауаптар беріліп, тиісті мекемелерге нақты тапсырмалар жүктелді.

Кездесулерден кейін аудан басшысы азамат-



сөз болды. Сонымен қатар аудан әкімі қайта жаңғыртылған су құбыры мен салынып жатқан тұрғын үйлердің құрылыс барысын бақылап, атқарылған жұмыстардың сапасына назар аударды.

Тұрғындармен кездесу Қарауыл ауылында жалғасты. Жиынға аудандық мәслихат төрағасы М.Нұрсұлтанұлы, ауыл әкімі Б.Мәнзал, бөлім және мекеме басшылары, ауыл тұрғындары қатысты. Ауыл әкімінің есептік баяндамасы тыңдалғаннан

тарды жеке қабылдап, өтініштері мен ұсыныстарын тыңдады.

Жалпы, аудан әкімінің тұрғындармен кездесулері халық пен жергілікті билік арасындағы байланысты нығайтып, өзекті мәселелерді ашық талқылауға мүмкіндік берді. Әр ауылда көтерілген мәселелер бақылауға алынып, оларды кезең-кезеңімен шешу бағытында нақты жұмыстар жүргізілетін болады.

## БЕСҚАРАҒАЙ

**Мемлекет басшысының халықтың әл-ауқатын арттыру жөніндегі тапсырмаларына сәйкес, жұмыссыздық деңгейін төмендетуге, мемлекеттік бағдарламаларға қатысу мүмкіндіктерін халыққа түсіндіруге бағытталған іс-шаралар жүйелі жүзеге асырылып келеді. Осы орайда Бесқарағай ауданында кезекті бос жұмыс орындары жәрмеңкесі ұйымдастырылды.**

# БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ



Аудандық Мансап орталығы, аудандық прокуратура және Жастар ресурстық орталығы бірлесе ұйымдастырған бұл шара «Адал адам – адал еңбек» тақырыбына арналды. Жәрмеңкеге жұмыс берушілер мен жұмыс іздеуші азаматтар шақырылды.

Іс-шараның ашылуында сөз алған аудан әкімінің орынбасары Н.Ағыбаев, Бесқарағай аудандық прокуратурасының прокуроры З-сыныпты заңгер Е.Абдреймов, Мансап орталығының директоры А.Құрманғалиева және Жастар ресурстық орталығының әдіскері Д.Бекболатова бос орындар жәрмеңкесінің басты мақсаты тұрғындарды тұрақты табыс көзімен қамту және аудандағы жұмыссыздық деңгейін төмендету екенін атап өтті.

Жәрмеңке барысында жұмыс іздеушілер талаптарымен, еңбекақы көлемімен және жұмыс жағдайымен тікелей танысып, түйіндемелерін ұсынды. Сонымен қатар Мансап орталығының мамандары тұрғындарға мемлекеттік бағдарламалар шеңберіндегі қайта даярлау курстары, жастар тәжірибесі және әлеуметтік жұмыс орындары туралы кеңінен ақпарат берді.

Іс-шара барысында марапаттау рәсімі де ұйымдастырылды. Аудан тұрғындарын қысқа мерзімдік кәсіби оқытуды ұйымдастыруға елеулі үлес қосып жүрген оқытушылар К.Ипанов пен Х.Акетов аудан әкімінің орынбасары Н.Ағыбаевтың алғыс хаттарымен марапатталды.

Жәрмеңке соңында Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы С.Атудинов пен аудан әкімі аппаратының персоналды басқару және кадр қызметі бөлімінің бас маманы Ж.Сайлауғазы жұмыс іздеп жүрген азаматтарды жеке сұрақтары бойынша қабылдап, құқықтық-кәсіби кеңестер берді.

Жәрмеңкеге қатысушыларға арнайы үлестірмелі ақпараттық материалдар таратылып, көкейде жүрген барлық сұрақтарына нақты жауаптар қайтарылды.

Д.АУБАКИРОВА,  
Мансап орталығының маманы

## ҮРЖАР

**Үржар ауданының Науалы орта мектебін әр жылдары бітірген түлектер сыныптастарымен кездесу үшін туған ауылдарына келді.**

Осыдан 10, 20, 30 жыл бұрын үлкен өмірге қанат қаққан шәкірттер кездесулеріне орай, игі іске ұйытқы болып, білім алған алтын ұяларына тарту жасады.

Мектеп бітіргендеріне 10 жыл толған түлектер оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастырып, спортқа қызығушылығын арттыру мақсатында үстел теннисін сыйға тартты. Сонымен қатар медициналық тексеру кабинетіндегі терезелерге жалюзи орнатты.

Ал 20 жыл бұрын түлеп ұшқан түлектер мектеп ауласына жаңа қақпа орнатты берді. Бұдан бөлек, оқушыларға спорттық киімдер мен доптар сыйлап, олардың спортпен шұғылдануына қолдау көрсетті.

Мектепті 30 жыл бұрын аяқтаған



түлектер мектепалды даярлық тобы бөлесіне жұмсақ кілем, киім ілетін шкаф және жалюзи тарту етті. Бұл сыйлықтар бүлдіршіндердің жайлы

әрі қолайлы ортада тәрбиеленіп, білім алуына мүмкіндік береді.

Осылайша, түлектер кездесуі балалық шақты еске алумен ғана

## БОРОДУЛИХА АУЫЛДАҒЫ ИГІ БАСТАМА

**Бүгінгі таңда қоғамды алаңдатқан келеңсіз құбылыстардың бірі - ішімдікке тәуелділік. Алайда береке мен бірліктің арқасында осы зиянды әдеттен біржола бас тартып, салауатты өмір салтына бет бұрған ауылдар қатары өңірімізде жыл санап көбейіп келеді. Арақтан бас тартқанының арқасында ауылдардың берекеесі артып отыр.**

Жуырда Бородулиха ауданындағы Изатулла ауылы ішімдіктен бас тарту туралы шешім қабылдаған елді мекендердің қатарына қосылды. Өңірде өткізіліп жатқан «Алкогольсіз ауыл» жедел-профилактикалық іс-шарасы мен «Заң мен тәртіп» қағидатын іске асыру аясында Петропавловка ауылдық округіне қарасты бұл шағын ауылдың тұрғындары алкоголь өнімдерін тұтынуудан толықтай бас тарту туралы ортақ шешімге келді. Енді ауыл дүкенінде арақ-шарап сатылмайды, дастарқанға да қойылмайды.

Бүгінде Изатулла ауылында шамамен 50-ге жуық тұрғын бар, мұнда 20-дан астам отбасы түтіп тұтетіп отыр. Шағын ғана ауыл халқының бұл қадамы қоғамдық тәртіпті нығайтуға, елді мекендегі қауіпсіздік деңгейін арттыруға және жас буын үшін салауатты әлеуметтік орта қалыптастыруға бағытталған.

Бұл игі іске ауылдық округ әкімі Марат Жүнісов пен ұчаскелік полиция инспекторы полиция капитаны Ардагер Жоламанов ұйытқы болды. Олар тұрғындар арасында белсенді жұмыс жүргізіп, осындай шешімнің қабылдауына себепкер болды.

Ауыл белсенділері мен атқарушы биліктің бірлесе қабылдаған бұл шешімі құқықтық тәртіптің нығайуына, қауіпсіздіктің сақталуына және тұрғындардың өмір сүру сапасының жақсаруына ықпал етері анық.

Ішімдіктен іргесін аулақ салған ауыл тұрғындары өзге елді мекендерге үлгі көрсетіп қана қоймай, болашақ ұрпақтың саналы да сау болып өсуіне негіз қалап отыр.



«СТ» - ақпарат

шектелмей, игі шаралармен өрілді. Туған мектебінің көркеюіне үлес қосқан шәкірттерге ұстаздары мен ауылдастары риза болып, ақ тілектерін жаудырды.

Мектеп директоры Берік Сейтқанов түлектердің жанашырлығы мен қолдауына алғыс білдіріп, олардың туған білім ордасына деген қамқорлығы жас ұрпаққа үлгі екенін атап өтті. Сондай-ақ мұндай игі дәстүр алдағы уақытта да жалғасын табатынына сенім білдірді.

Туған мектептеріне қолдау көрсетіп, кейінгі ұрпаққа жанашырлық танытқан барлық түлектерімізге шынайы алғысымызды білдіреміз. Түлектеріміздің туған жерге деген сүйіспеншілігінен туған бұл ізгі істері ескелең ұрпаққа өнеге болып, мектеп пен түлектер арасындағы байланысты одан әрі нығайта түсетіні сөзсіз. Мектебіміздің мерейі үстем, абыройы асқақ болғай.

Эльмира ТӨЛЕПБЕРГЕНОВА,  
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары



## Абай

## КЕШЕН АУМАҒЫ ТАЗАРТЫЛДЫ

«Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының мүшелері Жидебай - Берілі мемориалдық кешенінде тазалық жұмыстарын жүргізді. Сенбілік барысында жастар кешен аумағын қоқыстан тазартты.

Жалпы, Абай ауданы бойынша «Таза Қазақстан» акциясы аясында 1 сәуір мен 1 маусым аралығында 8 апталық сенбілік ұйымдастырылған. Екі ай ішінде 3759 адам мен 127 техника жұмылдырылып, нәтижесінде аудан аумағынан 5341,3 тонна қоқыс шығарылды. Сонымен қатар 4337 түп ағаш көшеті отырғызылды. Қарауыл ауылында «Риза» мекемесінің бастамасымен Тоқтамыс және Жастар саябақтарында, сондай-ақ Бекбосын көшесі бойында автоматтандырылған тамшылатып суару жүйесі орнатылды. Жастар санбағына 1400 метр суару желісі тартылып, іске қосылды.

## Ақсуат

## ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП БАҚЫЛАУДА

«Ақсуат – қауіпсіз аудан» бағдарламасы аясында қоғамдық тәртіпті сақтау, тұрғындардың қауіпсіздігін күшейту және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында кешенді рейдтік іс-шаралар өтті.

Іс-шара барысында көшелер мен қоғамдық орындардағы тәртіп және жол қозғалысы ережелерінің сақталуы қадағаланды. Тәртіп сақшылары бірнеше әкімшілік құқық бұзушылық деректерін анықтап, кі-нәлі тұлғаларға қатысты заң аясында тиісті шаралар қолданды.

Рейд кезінде заңсыз ішімдік саудасының жолын кесу және көмекетке толмаған жасөспірімдердің түнгі уақытта заңды өкілдеріңіз (ата-анасыңыз) көшеде, ойын-сауық орындарында жүруінің алдын алуға ерекше назар аударылды.

Мұндай профилактикалық іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады.

## Аягөз

## ТОЙҒА ДАЙЫНДЫҚ БАСТАЛДЫ

Аягөз ауданында Ақтамберді Сарыұлының 350 жылдық мерейтойы аясында өткізілетін ұлттық ат спорты жарыстарын ұйымдастыру мәселелері бойынша арнайы жиын өтті.

Басқосуда мерейтой бағдарламасына енгізілген аламан бәйге, жорға жарыс, топ бәйге және «Аягөз аргымағы» жарыстарын өткізу мәселелері талқыланды.

Сонымен қатар қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жарыс бағыттарын бекіту, төрешілік жұмыстарын үйлестіру және ұйымдастыру шаралары пысықталды.

Ұлттық құндылықтарды ұлықтауға бағытталған бұл дүбірлі дода мерейтойдың маңызды шараларының бірі болмақ.

## Жарма

## САҚТЫҚ - ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

Жарма ауданында интернет-алаяқтықтың алдын алу бағытында жүйелі ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Тұрғындардың цифрлық сауаттылығын арттыру, киберқауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру мақсатында кездесулер, ақпараттық шаралар ұйымдастырылуда.

Сондай шаралардың бірі Қалбатау ауылында өтті. Аудандық полиция бөлімі жергілікті полиция қызметінің ұчаскелік полиция инспекторы Е.Жуанышпаев Қалбатау ауылының орталық саябағында тұрғындармен әңгімелесіп, алаяқтарға алданбаудың жолдарын, яғни банк карталарының деректерін бөгде адамдарға бермеу, күмәнді сілтемелерге өтпеу, белгісіз нөмірлерден түскен қоңыраулар мен хабарламаларға сақтықпен қарау қажеттігі кеңінен түсіндірілді.

Сонымен қатар тұрғындарға алаяқтардың айла-тәсілдері туралы ақпараттық жаднамалар таратылып, күмәнді жағдайлар туындаған кезде дереу полицияға хабарласу қажеттігі ескертілді.

## Мақаншы

## БЕЙНЕБАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Алакөл жағалауында жасанды интеллект элементтері бар интеллектуалды бейнебақылау жүйесі іске қосылды.

Жоба шеңберінде 137 заманауи бейнекамера орнатылып, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған жаңа цифрлық инфрақұрылым қалыптастырылды. Жасанды интеллект негізіндегі жүйе қоғамдық тәртіпті бақылап, ықтимал қауіптерді анықтап, жауапты қызметтерге жедел хабарлама жолдай алады.

Сонымен қатар ақылды дауыс зорайтқыштар демалушыларға қауіпсіз жүзу аймағынан шыққан жағдайда автоматты түрде ескерту жасап, судағы төтенше жағдайлардың алдын алуға көмектеседі.

## Бородулиха

## СЕМИНАР-ТРЕНИНГ ӨТТІ

Бородулиха ауданында «Қазақстандағы адам құқықтарын қорғаудың ұлттық және халықаралық тетіктері» тақырыбында семинар өтті. Президент жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия ЕҚЫҰ-ның Астанадағы Бағдарламалар кеңсесінің, Абай облысы әкімдігінің қолдауымен өткен іс-шараға адам құқықтары саласындағы жетекші сарапшылар, ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның өкілдері және халықаралық ұйымдардың мамандары қатысты.

Семинардың модераторы аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы А.Оразалина өз сөзінде қоғамның барлық топтарының құқықтық мәдениет деңгейін арттыру, мемлекеттік органдар мен қоғам арасындағы өзара іс-қимылды нығайту үшін семинар-тренингтер өткізудің маңыздылығын атап өтті.

Семинар-тренинг барысында қатысушылар адам құқықтарын қорғау және көтермелеу саласында тәжірибе алмасты.

«СТ» - ақпарат

